
QazIndustry

ТАУ-КЕН МЕТАЛЛУРГИЯ ӨНЕРКӘСІБІ

2021 жылғы қаңтар-сәуір

3,3
ТРЛН ТГ.



НКИ


МЕТАЛЛ КЕНІН ӨНДІРУ-**100,2%**

МЕТАЛЛУРГИЯ-**103%**

$2,6 МЛРД



ЭКСПОРТ



НАРЫҚ


$568 МЛН



ИМПОРТ

2020 ж. 3 ай ішіндегі нарық, экспорт және импорт бойынша деректер

2021 ЖЫЛҒЫ ҚАҢТАР-СӘУІРДЕГІ ӨҢІРЛЕР БӨЛІНІСІНДЕ ӨНДІРІС КӨЛЕМІ, МЛРД ТЕҢГЕ



"QazIndustry" қазақстандық индустрия және экспорт орталығы" АҚ
ҚР, 010000 Нұр-Сұлтан, Қабанбай батыр даңғ., 17, тел: +7 (7172) 79 33 90 www.qazindustry.gov.kz

QazIndustry

ЖЕҢІЛ ӨНЕРКӘСІП

2021 ж.қаңтар-сәуір

46,4
МЛРД ТГ



НКИ
104,9%

$14,7 МЛН



ЭКСПОРТ



НАРЫҚ


$536,9 МЛН



ИМПОРТ

2021 жылғы қаңтар-наурыздағы нарық, экспорт және импорт бойынша деректер.





ӨҢІРЛЕРДЕГІ ӨНДІРІС

"QazIndustry" қазақстандық индустрия және экспорт орталығы" АҚ
ҚР, 010000 Нұр-Сұлтан, Қабанбай батыр даңғ., 17, тел: +7 (7172) 79 33 90 www.qazindustry.gov.kz

QazIndustry

ЖИһАЗ ӨНЕРКӘСІБІ

2021 жылғы қаңтар-сәуір

24,6

МЛРД. ТЕНГЕ



НКИ

119,5%

$1,3 МЛН.



ЭКСПОРТ



НАРЫҚ


$ 78,1 МЛН.




ИМПОРТ

2021 ж. қаңтар-наурыз айларындағы нарық, экспорт және импорт бойынша деректер

ӨҢІРЛЕРДЕГІ ӨНДІРІС, МЛН. ТЕҢГЕ





"QazIndustry" қазақстандық индустрия және экспорт орталығы" АҚ
ҚР, 010000 Нұр-Сұлтан, Қабанбай батыр даңғ., 17, тел: +7 (7172) 79 33 90 www.qazindustry.gov.kz


QazIndustry

МАШИНА ЖАСАУ
2021 жылғы қаңтар-сәуір

648 МЛРД. ТГ.

НКИ **120,6%**

млрд тг



- Компьютеры, элетр и опт прод
- Электрич. оборуд
- Машины и оборуд
- Автотрансп ср
- Прочие трансп ср
- Ремонт и установка

$277 МЛН



ЭКСПОРТ

Импорт **78,5%**

Өте **21,5%**

$3,9 МЛРД

НАРЫҚ


$ 3 074 МЛН



ИМПОРТ

2020 ж. 3 ай ішіндегі нарық, экспорт және импорт бойынша деректер

2021 ЖЫЛҒЫ ҚАҢТАР-СӘУІРДЕГІ ӨҢІРЛЕР БӨЛІНІСІНДЕ ӨНДІРІС КӨЛЕМІ, МЛРД ТЕҢГЕ




"QazIndustry" қазақстандық индустрия және экспорт орталығы" АҚ
ҚР, 010000 Нұр-Сұлтан, Қабанбай батыр даңғ., 17, тел: +7 (7172) 79 33 90 www.qazindustry.gov.kz

QazIndustry

ҚҰРЫЛЫС МАТЕРИАЛДАРЫНЫҢ ӨНДІРІСІ

2021 жылғы қаңтар-сәуір

237,6
МЛРД ТГ



НКИ
126,5%

$ 46,2 МЛН



ЭКСПОРТ



НАРЫҚ

$ 243,6 МЛН



ИМПОРТ

2021 ж. қаңтар-наурыз айларындағы нарық, экспорт және импорт бойынша деректер

2021 ЖЫЛҒЫ ҚАҢТАР-СӘУІРДЕГІ ӨҢІРЛЕР БӨЛІНІСІНДЕ ӨНДІРІС КӨЛЕМІ, МЛРД ТЕҢГЕ



"QazIndustry" қазақстандық индустрия және экспорт орталығы" АҚ
ҚР, 010000 Нұр-Сұлтан, Қабанбай батыр даңғ., 17, тел: +7 (7172) 79 33 90 www.qazindustry.gov.kz

QazIndustry

ФАРМАЦЕВТИКА ӨНЕРКӘСІБІ

2021 жылғы қаңтар-сәуір

62,1
МЛРД ТГ

126,2%
НКИ

13 мың тонна +19%
Құрамында алкалоидтер бар ДЗ

843 тонна +2,5 есе
Құрамында антибиотиктер бар ДЗ

52,5 тонна +3,8 есе
Таңғыш материалдар

2020 жылғы баламалы кезеңге қарағанда өсім

$18,6 МЛН



ЭКСПОРТ



НАРЫҚ

$ 394,1МЛН



ИМПОРТ

2021 жылғы қаңтар-наурыздағы нарық, экспорт және импорт бойынша деректер

ҮЗДІК ӨНДІРУШІ ӨҢІРЛЕР



"QazIndustry" қазақстандық индустрия және экспорт орталығы" АҚ
ҚР, 010000 Нұр-Сұлтан, Қабанбай батыр даңғ., 17, тел: +7 (7172) 79 33 90 www.qazindustry.gov.kz

QazIndustry

ХИМИЯ ӨНЕРКӘСІБІ
2021 Ж. ҚАҢТАР-СӘУІР

163,4
МЛРД. ТГ.



НКИ
111,2%

$257,9
МЛН



ЭКСПОРТ



НАРЫҚ


$ 655,3
МЛН



ИМПОРТ

2021 жылғы қаңтар-наурыздағы нарық, экспорт және импорт бойынша деректер





ӨҢІРЛЕРДЕГІ ӨНДІРІС

"QazIndustry" қазақстандық индустрия және экспорт орталығы" АҚ
ҚР, 010000 Нұр-Сұлтан, Қабанбай батыр даңғ., 17, тел: +7 (7172) 79 33 90 www.qazindustry.gov.kz

ТКМК бойынша дайджестке түсіндірмелер

2021 жылғы қаңтар-сәуірде ҚР Тау-кен металлургия өнеркәсібіндегі (ТКМК) өндіріс көлемі 3,3 трлн. теңгені құрады, бұл номиналды мәнде 2020 жылғы ұқсас кезеңнен 43,5% - ға жоғары. Тау-кен металлургия өнеркәсібінің құрылымындағы негізгі үлес түсті металлургияға тиесілі – 1530,62 млрд.теңге, одан әрі қара металлургия өндірісі – 789,2 млрд. теңге және металл құю – 5,1 млрд. теңге, ал ТКМК металын өндіруде негізгі үлесті түсті кендерді өндіру алады – 659,6 млрд. теңге, одан кейін темір кендерін өндіру – 301,5 млрд. теңге.

2021 жылғы қаңтар-сәуірде "металл кендерін өндіру" НКИ 100,2%-ды құрады. Металл кендерін өндіру құрылымында "темір кендерін өндіру" НКИ 100,5%-ды құрады. Секторда жағымды өсімге "темір кені (140%)" және "марганец кені (171,3%)" өндірісін ұлғайту арқасында қол жеткізілді. "Темірден басқа, кен өндіру" НКИ 100,2% - ға дейін ұлғайды. Сектордың НКИ жағымды нәтижесі негізгі түсті кендерді өндірудің НКИ өсуі есебінен қалыптасты: мыс (115,5%), алюминий (115,2%), құрамында алтыны бар (123,7%) және қорғасын-мырыш (131%).

2021 жылғы қаңтар-сәуірде "металлургия өндірісінің" НКИ 103% - ды құрады. Негізгі өсім өңделмеген алюминийдің (95,8%), тазартылмаған өңделмеген қорғасынның (94,9%), өңделмеген мырыштың (97,4%) және тазартылған өңделмеген мыстың (99,4%) НКИ көрсеткіштерінің айтарлықтай төмендеуіне қарамастан, екі базалық металдың, тазартылған күмістің (112,9%), тазартылған алтынның (122,9%) арқасында тіркелді. Қара металлургия НКИ шамалы өсімі (102,7%) тазартылмаған болат (117%) және жазық илектің (123,6%) жағымды НКИ есебінен құрылды. Бұл секторда қоспаланған болаттан (90,5%), ферроқорытпалардан (91%) және әртүрлі диаметрлі құбырлардан (99,8%) жасалған қабырғалы табақтар өндірісінің төмендеуі байқалады.

2021 жылғы қаңтар-наурызда металлургия өнімдерінің экспорты 23,6%-ға артып, 2,6 млрд. АҚШ долл. құрады . Металлургия өнімінің құрылымында қара металлургия экспортының көлемі өткен жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 39,9%-ға ұлғайды. Түсті металлургия экспорты 14,4%-ға 1 336 млн АҚШ доллардан 1 528 млн АҚШ долларға дейін ұлғайды.

Металлургиялық өнімдер экспортының құрылымында негізгі көлем жалпақ илекке, ферроқорытпаларға және сазбалшыққа тиесілі. Құнының

құрылымында металлургия өнеркәсібі экспортының өсуі мыс, ферроқорытпа және жалпақ илек экспортының ұлғаюы есебінен қамтамасыз етілді.

2021 жылғы қаңтар-наурызда ҚР металлургия өнімдерін өткізудің негізгі нарықтары Қытай (31,9%), Ресей (19,2%), Ұлыбритания (8,4%) және Түркия (7,4%) болды.

2021 жылғы қаңтар-наурызда металлургия өнімінің импорт көлемі өткен жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 5,6% - ға төмендеп, 568,1 млн АҚШ долларын құралы .

Металлургия өнеркәсібі импортының құрылымында 2021 жылғы қаңтар-наурызда металл конструкциялары (32,4%), шыбықтар (21%) және жалпақ илек (15,5%) басым болды. 2021 жылғы қаңтар-наурызда ҚР-да металлургия өнімдерін негізгі жеткізушілер Ресей (83%), Қытай (5,6%), Жапония (2,9%) және Өзбекстан (2,5%) болып табылады.

2021 жылғы 3 ай ішінде ҚР-дағы металлургия өнеркәсібі нарығының көлемі 3,7 млрд. АҚШ долларын құрайды, мұндағы ОТӨ үлесіне 84,5%, импорттық өнім үлесіне – 15,5% келеді.

Сала 3 өңірде: Қарағанды, Шығыс Қазақстан және Павлодар облыстарында жоғары аумақтық шоғырлануымен ерекшеленеді. Қарағанды облысындағы тау-кен металлургия өнеркәсібінің үлесі ҚР-дағы жалпы өндіріс көлемінің шамамен 38% - ын құрайды. Қалған 2 өңірдегі, ШҚО мен Павлодар облысындағы үлес тиісінше 19% және 14% - ды құрайды.

Машина жасау бойынша дайджестке түсіндірмелер

ҚР-да машина жасау өнімін өндіру көлемі 2021 жылғы қаңтар-сәуір айларында ақшалай мәнде 2021 жылғы баламалы кезеңмен салыстырғанда **25%-ға өсті және 648 млрд теңгені құрады**, нақты мәнде өндірістің 20,6%-ға өсімі байқалады. Өзге көлік құралдарын өндіру секторы 1,8 есе, басқа санаттарға енгізілмеген машиналар мен жабдықтар өндірісі - 53% айтарлықтай өсімді көрсетті.

Машина жасау өнімінің НКИ 2021 жылғы қаңтар - сәуірде 2020 жылғы қаңтар - сәуірге қарағанда **120,6% - ды құрады.**

Автокөлік құралдарын өндіру секторында физикалық көлемнің айтарлықтай өскенін атап өту керек + +25,4%. Көрсеткіштердің өсуіне автокөлік сатып алуға жеңілдетілген несие беруге және халықтың сұранысына ақшалай транш түріндегі мемлекеттік қолдау нәтижесінде қол жеткізілді, 2021 жылы транш 20 млрд теңгені құрады.

Басқа көлік құралдарының өндірісі НКИ (+49,7). Темір жол локомотивтері мен жылжымалы құрам өндірісі есебінен (190,5%).

Машиналар мен жабдықтар өндірісі (+42,5%), бұрын енгізілген кәдеге жарату алымының есебінен және бірқатар құрастыру өндірістерінің – "Агромашхолдинг KZ" АҚ базасында қытайлық LOVOL маркалы тракторлар өндірісінің іске қосылуы нәтижесінде оң динамика сақталды, Кировец маркалы тракторлар шығару бойынша жоба енгізілді. Сондай-ақ жұмыс істеп тұрған қуаттарда өндіріс көлемінің өсуі (мысалы, Көкшетау қазақстандық-белоруссиялық а/ш индустриялық-технологиялық паркі және коммуналдық техника базасында). А/ш және о/ш техникасының өндірісі НКИ (260,8%).

Компьютерлер, электронды және оптикалық өнімдер өндірісінің НКИ (+52,3%) компьютерлер мен перифериялық жабдықтар өндірісі және коммуникациялық жабдықтар өндірісі есебінен. Компьютерлік техника өндірісінің өсімі Петропавл қаласында С.М. Киров атындағы зауытта ноутбуктер мен планшеттер өндірісінің іске қосылуына байланысты тіркелді.

Электр жабдықтары өндірісінің НКИ (109,8%) трансформаторлар (224,3%) және аккумуляторлар (277,6%) өндірісі есебінен болды.

2021 жылғы қаңтар-наурызда машина жасау өнімдерінің экспорты 12,6%-ға артып, 277 млн. АҚШ долларын құрады, оның ішінде реэкспорт өнімдері (ұшақтар, турбореактивті қозғалтқыштар,

танкерлер және т.б.). Өсім отандық өнім экспортының ұлғаюы есебінен және қайта экспорттау есебінен де болды.

Экспорт құрылымындағы отандық өндірушілердің негізгі үлесі аккумуляторларға (5,0%), т/ж теңгергіш жүріс арбаларына (5,5%), цилиндрлік шығыршықтары бар мойынтіректерге (4,6%), көлік құралдарына (4,9%) (СЭҚТН 870323,870322), құбыржолдарға арналған өзге де арматураларға (1,5%) және т.б. тиесілі. Негізгі экспорт елдері: Ресей, Қырғызстан, Өзбекстан.

2021 жылғы қаңтар-наурызда машина жасау өнімдерінің **импорты** 13% - ға артып, **3 074 млн. АҚШ долларын құрады .** Өсім нарықтың жануы, жаңа жобалардың іске қосылуы және халықтың сатып алу қабілетінің артуы салдарынан байқалады.

Импорттық жеткізілімдердің өсуі көлік құралдары (6,1%), телефон аппараттары (5,5%), деректерді өңдеудің сандық блоктары (2,4%), басқа ауа сорғылары (2,2%) бойынша байқалады. Негізгі импорттаушы елдер: Ресей, Қытай, Германия.

2021 жылғы қаңтар-наурыз айларында ҚР машина жасау нарығының көлемі 3,9 млрд. АҚШ долларын құрады, мұндағы ОТӨ үлесіне 21,5%, импорттық өнім үлесіне – 78,5% келеді.

Сала жоғары аумақтық шоғырлануымен ерекшеленеді: Нұр-Сұлтан қ., Алматы қ., Қостанай, Қарағанды және Ақмола облыстарында.

Фармацевтика өнеркәсібі бойынша дайджестке түсіндірмелер

Саланы дамытудың негізгі қозғаушы факторы өндіріс көлемінің тұрақты өсуі болды. 2021 жылғы қаңтар-сәуірде отандық фармацевтикалық кәсіпорындар **62,1 млрд теңгеге** өнім шығарды: 2020 жылғы ұқсас кезеңіне +48%. Өнеркәсіп өндірісінің индексі (НКИ) 126,2% құрады.

Отандық кәсіпорындар коронавирус жұқпасымен күрес шеңберінде фармацевтикалық өнімнің **жоғары қажеттілігін қамтамасыз етеді**, бұл мынадай тауарлық топтардың айтарлықтай өсуіне әсер етті: құрамында антибиотиктер бар дәрілік заттар (+2,5 есе), құрамында алкалоидтар бар дәрілік заттар (+19 есе), таңғыш материалдар (+3,8 есе).

2021 жылғы 3 ай ішінде ҚР-дағы фармацевтика нарығының көлемі **465,2 млн. АҚШ долл.** *(196,5 млрд. теңге)* құрады, мұндағы ОТӨ үлесіне **15,3%**, импорттық өнім үлесіне – 84,7% келеді.

2021 жылғы қаңтар-наурызда экспорт көлемі 47,6% - ға артып, **18,6 млн. АҚШ долларын құрады.** Өсім аралас немесе аралас емес өнімдерден тұратын ДЗ жеткізілімдерінің өсуіне байланысты болды; құрамында аскорбин қышқылы (С витамині) немесе никотин қышқылы бар ДЗ; ветеринариялық вакциналар; бөлшек сауда үшін қалыптарға немесе орамдарға өлшеніп салынған ДЗ. Бақыланатын кезеңде Қазақстан үшін негізгі экспорттық нарықтар **Ресей (55,9%), Өзбекстан (28,5%), Түркия (1,6%) болды.**

2021 жылғы қаңтар-наурызда фармацевтика өнімдерінің **импорты** 19% - ға артып, 394,1 млн. АҚШ долларын құрады. Импорт көлемінің өсуінің негізгі себебі фармацевтикалық өнімге жоғары сұраныспен түсіндіріледі.

Қазақстандық фармацевтикалық индустрияның өндірістік қуаттары төрт негізгі өңір шегінде шоғырланған және **2021 жылғы қаңтар-сәуірде өндіріс көлемінің 95,3% - ын қамтамасыз**етті: Қарағанды облысы (33,9%), Шымкент қаласы (24,2%), Алматы облысы (20,5%) және Алматы қаласы (16,7%).

Жиһаз өнеркәсібі бойынша дайджестке түсіндірмелер

2021 жылғы қаңтар-сәуірде жиһаз өнімі өндірісінің көлемі 24,6 млрд.теңгені құрады, бұл номиналды мәнде 2020 жылғы тиісті кезеңнің көрсеткішінен 11,4 млрд. теңгеге жоғары. Есепті кезеңде саланың НКИ айтарлықтай ұлғайды және 119,5% - ды құрады. НКИ өсімі саланың барлық секторларында қамтамасыз етілген. Бұл ретте өндіріс көлемінің ең көп өсімі кеңселер мен сауда кәсіпорындарына арналған жиһаз өндірісінде (2,5 есе), матрастар өндірісінде (1,6 есе) және өзге де жиһаз өндірісінде (1,6 есе) байқалады.

2021 жылғы қаңтар-сәуірде кеңсе ағаш жиһазының (2,7 есе), асхана мен қонақ бөлмеге арналған ағаш жиһазының (1,4 есе) және негізінен металл қаңқасы бар арнайы отыруға арналған жиһаздың (35,5%) өндірісі айтарлықтай өсті, бұл саланың НКИ айтарлықтай өсуіне ықпал етті.

Сонымен қатар, ас үй жиһазының өндірісінің көлемі 8,8% - ға төмендеді.

Аумақтық бөліністе жиһаз компаниялары еліміздің барлық өңірлерінде орналасқан. Сонымен қатар, еліміздегі жиһаз өнімдерінің жартысынан астамы Алматы қаласында өндіріледі (56,1%).

Жиһаз өнімдерін **тұтынудың ішкі нарығы** 2021 жылғы қаңтар-наурыз қорытындылары бойынша **118,6 млн. АҚШ долл.құрады** (49,8 млрд. теңге), бұл 2020 жылғы тиісті кезеңінің көрсеткішінен 32,4 млн.АҚШ долларға жоғары. Сонымен қатар, ішкі нарықта отандық тауар өндірушілер өнімінің үлесі 5,0 пайыздық тармаққа өсіп, 34,1% - ды құрады. Бұл ретте, импорттық жиһаз өнімінің үлес салмағы тұтынудың жалпы көлемінде 5,0 пайыздық тармаққа төмендеді және 65,9% - ды құрады.

Жалпы, COVID-19-ға қарсы карантиндік шараларды жеңілдету жағдайында **отандық компаниялар дағдарыс жағдайында ішкі жиһаз нарығының жоғалған үлесін қалпына келтіре бастады.**

2021 жылғы қаңтар-наурызда жиһаз өнімі экспортының көлемі 2020 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда ақшалай мәнде 1,5 есе ұлғайды және 1304,1 мың АҚШ долларын құрады, ал заттай түрде - тиісінше 2 есе артып және 650 тоннаны құрады.

Ағымдағы жылы жиһаз өнімдерінің экспорты көлемінің өсуіне отандық жиһаз өнеркәсібі өнімдерінің өндірісі көлемінің ұлғаюы және көрші елдерде жиһаз өнімдеріне сұраныстың артуы ықпал етті.

Сала экспортының тауарлық құрылымында негізгі көлем пластмассадан жасалған жиһазға (38,3%), жатын типті ағаш жиһазға (9,8%) және өзге де металл жиһазға (9,0%) тиесілі. Жиһаз өнімдері экспортының негізгі көлемі

Ресейге (экспорттың жалпы көлемінің 52,7% немесе 686,8 мың АҚШ доллары), Қырғызстанға (15,8% немесе 206,4 мың АҚШ долл.), Өзбекстанға (12,9% немесе 168,6 мың АҚШ долл.), Арменияда (8,9% немесе 116,1 мың.АҚШ долл.) және Тәжікстанға (3,6% немесе 47,3 мың АҚШ долл.) жөнелтілді.

Жиһаз өнімі импортының көлемі 2021 жылғы қаңтар-наурызда ақшалай мәнде 2020 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 27,8% - ға ұлғайды және 78,1 млн. АҚШ долл. құрады, ал заттай түрде – тиісінше 30,1% - ға ұлғайды және 33,8 мың т. құрады. Жиһаз саласының негізгі импортталатын өнімдері өзге ағаш жиһазы (20,7 млн. АҚШ долл. немесе импорттың жалпы көлемінің 26,7%), жатын типті ағаш жиһаз (11,5 млн. АҚШ долл. немесе 14,7%), өзге де ағаш қаңқасы бар отыруға арналған жиһаз (8,9 млн. АҚШ доллары немесе 11,4%), өзге де металл жиһаз (5,9 млн. АҚШ доллары немесе 7,5%), металдан, ағаштан, өзге де материалдардан жасалған жиһаз бөліктері (5,3 млн. АҚШ доллары немесе 6,8%) болып табылады.

Жиһаздың негізгі жеткізушілері Ресей (импорттың жалпы көлемінен 48,6%), Түркия (14,0%), Беларусь (11,0%), Қытай (8,5%) және Италия (6,6%) болып табылады.

Құрылыс материалдары бойынша дайджестке түсіндірмелер

ҚР құрылыс материалдары өндірісінің көлемі 2021 жылғы қаңтар-сәуірде 237,6 млрд.теңгені құрады, бұл номиналды мәнде 2020 жылдың ұқсас кезеңінен 38,8% - ға жоғары (171,2 млрд. тг).

2021 жылғы қаңтар-сәуірде өнімнің нақты көлем индексі 126,5% - ды құрады. Заттай түрдегі өсім мынадай тауарлар бойынша байқалады: отқа төзімді бұйымдар (+2,1 есе); отқа төзімді емес керамикалық кірпіштер (+3,1 есе); қожмақта, минералды силикатты мақта және ұқсас минералды мақта (+2 есе); тауарлық бетон (+52,2%); құрылыс мақсаттарына арналған бетоннан жасалған бұйымдар (+33,9%); тақташалар, тақталар, кірпіштер және цементтен, бетоннан немесе жасанды тастан жасалған ұқсас бұйымдар (+28,4%); құрылыс ерітінділері (+24,9%) және т.б.

Өндіріс көлемінің төмендеуін заттай түрде тек бір ғана тауар көрсетті: керамикалық қаптауыш кірпіштер (-21,6%).

2021 жылғы қаңтар-наурыз айларында құрылыс материалдары өнімдерінің экспорты 2020 жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда 15,8% - ға артып, 46,2 млн.АҚШ долларын құрады . Заттай түрде экспорт көлемі 512,7 мың тоннаны құрап, 9,4%-ға ұлғайды, ал өткен жылғы ұқсас кезеңінде 469,1 мың тонна деңгейінде болды. Экспорттың негізгі үздік елдері: Өзбекстан, Ресей және Қырғызстан.

2021 жылғы қаңтар-наурыз айларында отандық нарыққа құрылыс материалдарының импорты 243,6 млн. АҚШ долларын құрап, 2020 жылғы осы кезеңімен салыстырғанда 23% - ға өсті. Заттай түрде тауарлар көлемі 2020 жылғы қаңтар-наурызға (515 мың тонна) қарағанда 34,3% - ға ұлғайып, 692 мың тоннаны құрады. Негізгі үздік импорттаушы елдер: Ресей, Қытай және Түркия.

2021 жылдың қаңтар-наурыз айларында ҚР-дағы құрылыс материалдары нарығының көлемі 763 млн. АҚШ долларын құрады, мұндағы ОТӨ үлесіне 68%, импорттық өнім үлесіне – 32% келеді.

Қаралып отырған кезеңде құндық мәнде өндірістің ең көп көлемі Нұр-Сұлтан (33,8 млрд.тг), Шымкент (26,4 млрд. тг) қалаларына және Алматы облысына (26,3 млрд. тг) тиесілі.

Химия өнеркәсібі бойынша дайджестке түсіндірмелер

2021 жылғы қаңтар-сәуірде химия саласы өндірісінің көлемі **164,3 млрд теңгені құрады,** бұл 2020 жылғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда **2,3% - ға төмен.**

Химиялық өнім өндірісінде талданып отырған кезеңде негізгі үлесті өзге де бейорганикалық заттар – 35,4%, тыңайтқыштар мен құрамында азоты бар заттар - 17,1% және басқа топтамаларға енгізілмеген өзге де химиялық өнімдер-9,2% құрады.

Талданып отырған кезеңде нақты көлем индексі (бұдан әрі - **НКИ**) **111,2% - ды** құрады. Өндіріс көлемінің ең үлкен өсімін заттай түрде келесі тауарлар көрсетеді: цементке қоспалар (3,4 есе), полимерлер негізінде бояулар және лактар (+16,8%), бұл құрылыс жұмыстарының өсуіне байланысты; каустикалық сода (2,1 есе), натрий триполифосфаты (+29,4%), жуу құралдары (+27,5%), тұз қышқылы (+18,5% - ға), бастапқы пішіндегі стирол полимерлері (+9,2%), фосфорлық тыңайтқыштар (+6%), аммиак (+4,6%) және полиуретандар (+0,3%), бұл тұтынушылық сұраныстың өсуінен орын алды; хром қосылыстары: натрий бихроматы (+20,9%), хром тотығы (+14,2%), хромды ангидрид (+12,3%), бұл "АХҚЗ" АҚ жинақталған шикізат қорлардың өндірісі мен сатылымын қалпына келтіруге байланысты.

Химия өнеркәсібі өнімдерінің экспорты 2021 жылғы қаңтар-наурызда 257,9 млн. АҚШ долларын құрады және 2020 жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда 3,4% - ға кем өсім көрсетті. Экспорттың негізгі елдері: Ресей (18%), Германия (8%) және Өзбекстан (7%).

2021 жылғы қаңтар-наурызда химиялық өнім түрлерінің **импорты** 655,3 млн. АҚШ долл. құрады, бұл 2020 жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда 2,2% - ға жоғары. Негізгі импорттаушы елдер: Ресей (51%), Қытай (15%) және Франция (4%).

2021 жылғы қаңтар-наурызда химиялық өнім түрлері нарығының көлемі **685,6 млн. АҚШ долл.құрады** *(287,7 млрд. теңге).* Талданып отырған кезеңде отандық тауар өндірушілер үлесінің (ОТӨ) күрт төмендеуі байқалады, бұл өндіріс көлемінің және ұлттық валюта бағамының 7,7% - ға төмендеуіне, сондай-ақ импорттың өсуіне байланысты. ОТӨ үлесі **4,4% - ды құрады,** бұл өткен жылғы ұқсас кезеңіндегі көрсеткіштен **2,3 есе төмен.** Импорттық өнімнің үлесі 6,3% - ға артып, 95,6% - ды құрады *(3 кесте).*

2021 жылғы қаңтарда химиялық өнім түрлері өндірісінің ең үлкен көлемі келесі өңірлерде байқалады: Жамбыл (32,6%), Қарағанды (11,9%), Ақтөбе (11,0%) және Павлодар (10,3%) облыстарында.